Бекітемін
Директор К. Тұрсынбекова

Білім алушылардың ата-аналарымен(заңды өкілдерімен)өзара іс-қимыл жасау талаптарын сақтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген үлгілік шартқа сәйкес білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың болуы

Озат school жеке мектебінің 2025-26 оқу жылының ата-аналармен жұмыс жоспары

Р/с	Ата-аналар жиналысының тақырыбы	Күні	Жауапты
1	«БІЛІМ САПАСЫ – МЕКТЕП ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫС	30.09.2025	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар
2	«ТӘРБИЕ МЕН ТӘРТІП – ТАБЫСТЫ БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗІ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ	03.12.2025	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар
3	«ҰСТАЗ, ОҚУШЫ, АТА-АНА – ОРТАҚ МАҚСАТ ЖОЛЫНДА» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ	11.03.2026	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар
4	«БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ЕРТЕҢІ, ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ	04.05.2026	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар

2025-2026 оқу жылы бойынша ата-анамен жүргізілген жұмыс есебі

2025–2026 оқу жылында білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимыл жасау жұмыстары білім беру ұйымының оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілді.

Ата-аналармен өзара тиімді байланыс орнату, білім алушылардың оқу жетістіктері мен сабаққа қатысуы туралы ақпарат беру, білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, білім беру ұйымының ішкі тәртіп талаптарын сақтау және ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту бағытында жұмыстар ұйымдастырылды.

Оқу жылы барысында ата-аналармен жалпы және сыныптық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Жиналыстар барысында білім алушылардың оқу үлгерімі,сабаққақатысуы,тәртібі,қауіпсіздігі,құқықтарыменміндеттері,ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуы, білім беру ұйымымен өзара байланысы туралы мәселелер қаралды.

Ата-аналарға білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидалары, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары, білім алушылардың сабаққа қатысуы мен оқу үлгеріміне ата-аналық бақылау жасау қажеттілігі түсіндірілді.

Білім алушылардың жеке мәселелері бойынша ата-аналармен жеке кездесулер, әңгімелесулер және консультациялар жүргізілді. Қажет болған жағдайда сынып жетекшілері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог және білім беру ұйымының әкімшілігі тарапынан ата-аналарға тиісті түсіндіру және консультациялық көмек көрсетілді.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар тиісті құжаттармен рәсімделді. Атап айтқанда, ата-аналар жиналыстарының хаттамалары, қатысупарақтары, жеке жұмыс материалдары және басқа да растайтын құжаттар жүргізілді.

Сонымен қатар,2025–2026 оқу жылында білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың жасалуы мен сақталуына бақылау жүргізілді.

Әр білім алушы бойынша ата-анасымен (заңды өкілімен)жасалған білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың болуы бақылауға алынып, шарттардың тіркеу және сақтау жұмыстары ұйымдастырылды

Шарттарда білім беру ұйымының, білім алушының және ата-ананың (заңды өкілдің) құқықтары мен міндеттері, тараптардың жауапкершілігі және білім беру процесін ұйымдастыруға байланысты өзге де талаптар қамтылған.

2025–2026 оқу жылында ата-аналармен өзара іс-қимыл жұмыстарының негізгі бағыттары төмендегідей жүзеге асырылды:

ата-аналармен жалпы және сыныптық жиналыстар өткізу;

білім алушылардың оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы ақпараттандыру;

білім алушылардың құқықтарымен міндеттерін түсіндіру;

ата-аналардың құқықтары мен міндеттері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

білім беру ұйымының ішкі тәртіп талаптарымен таныстыру;

білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізу;

білім алушылардың жеке мәселелері бойынша ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу;

ата-аналардың ұсыныстарымен өтініштерін қарау;

білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың болуын және дұрыс рәсімделуін бақылау.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері тиісті құжаттармен расталады: ата-аналарменжұмысжоспары,ата-аналаржиналыстарыныңхаттамалары,қатысу парақтары, жеке жұмыс жүргізу материалдары, білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың тізілімі және шарттардың өзі.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен)өзара іс-қимыл жұмыстары жүйелітүрде ұйымдастырылып, ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту, ақпараттандыру және кері байланыс орнату жұмыстары жүргізілді.

АНЫҚТАМА
«БІЛІМ САПАСЫ – МЕКТЕП ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ

Білім сапасы – білім беру ұйымының басты көрсеткіші, ал сапалы білім беру – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Осы мақсатта мектебімізде оқушылардың білім деңгейін көтеру, оқу үлгерімін жақсарту және білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мәселелерін талқылау бойынша мектепішілік жиналыс өткізілді.

Күн тәртібінде:

- Оқушылардың білім сапасы мен оқу үлгерімінің көрсеткіштері;
- Оқу бағдарламасының орындалу барысы;
- Білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар;
- Біліміндегі олқылықтары бар оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылығын дамыту;
- Дарынды оқушыларды анықтау және олардың қабілеттерін жетілдіру;
- Сабақ барысында заманауи әдіс-тәсілдер мен тиімді оқыту технологияларын қолдану;
- Оқушылардың сабаққа қатысуы мен оқу тәртібін бақылау;
- Әртүрлі мәселелер.

Жиналыс барысында оқушылардың білім сапасын арттыру, оқу материалдарын меңгеру деңгейін бақылау және оқу үдерісінде кездесетін қиындықтарды дер кезінде анықтау мәселелері қарастырылды. Мұғалімдерге сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру қажеттігі айтылды. Сонымен қатар оқу үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар ұйымдастыру, біліміндегі олқылықтарды толықтыру және әр оқушының жеке жетістігін бақылау мәселелеріне назар аударылды. Дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту, оларды пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және түрлі байқауларға дайындау бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу ұсынылды. Білім сапасын арттыруда мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу және ата-аналармен тығыз байланыс орнатудың маңыздылығы атап өтілді. Оқушылардың оқу жетістіктерін жүйелі бақылау арқылы білім беру үдерісінің нәтижелілігін арттыру қажеттігі талқыланды.

Қорытынды: Жиналыс нәтижесінде білім сапасын арттыру, оқушылардың оқу үлгерімін жақсарту, жеке қолдауды қажет ететін білім алушылармен жұмысты күшейту және оқыту әдістерін жетілдіру бағытында ұсыныстар берілді. Білім сапасын арттыру – мектеп ұжымы мен ата-аналардың бірлескен жауапкершілігі және мектеп дамуының басты бағыты екені атап өтілді.

АНЫҚТАМА
«ТӘРБИЕ МЕН ТӘРТІП – ТАБЫСТЫ БОЛАШАҚТЫҢ НЕГІЗІ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ

Тәрбие – адам бойындағы асыл қасиеттерді қалыптастыратын маңызды үдеріс, ал тәртіп – білім мен жетістікке жетудің негізгі шарты. Оқушылардың бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мектеп тәртібін сақтау және саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында мектебімізде «Тәрбие мен тәртіп – табысты болашақтың негізі» тақырыбында мектепішілік жиналыс өткізілді.

Күн тәртібінде:

- Оқушылардың мектептегі тәртібі мен мінез-құлық мәдениеті;
- Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- Оқушылардың сабаққа қатысуы және сабаққа кешігуінің алдын алу;
- Оқушыларды адамгершілікке, жауапкершілікке және әдептілікке тәрбиелеу;
- Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- Ата-аналармен бірлескен тәрбие жұмысын жандандыру;
- Әртүрлі мәселелер.

Жиналыс барысында оқушылардың мектептегі тәртібі, сабаққа қатысуы, өзара қарым-қатынасы және қоғамдық ортадағы мінез-құлық мәдениеті мәселелері талқыланды. Оқушылардың бойында үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, достықты бағалау, жауапкершілік пен адалдық қасиеттерін қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Сонымен қатар мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, сабаққа уақытылы келу, мектеп мүлкіне ұқыпты қарау және сыныптастарымен дұрыс қарым-қатынас орнату қажеттігі айтылды. Оқушылар арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алу, буллинг пен кибербуллингке жол бермеу және әрбір білім алушы үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу ұсынылды.

Тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруда сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің және ата-аналардың өзара ынтымақтастығына ерекше назар аударылды. Баланың мінез-құлқы мен тәрбиесіне отбасындағы ортаның ықпалы зор екені айтылып, ата-аналармен байланысты нығайту, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және олардың бойында жағымды қасиеттерді дамыту қажеттігі түсіндірілді.

Қорытынды: Жиналыс нәтижесінде оқушылардың тәртібін жақсарту, мектеп ережелерінің сақталуын бақылау, құқық бұзушылықтың алдын алу және тәрбиелік іс-шаралардың тиімділігін арттыру бағытында ұсыныстар берілді. Мектеп ұжымына тәрбие жұмыстарын жүйелі жалғастыру, ал ата-аналарға бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, мектеппен тығыз байланыста жұмыс істеу ұсынылды.

АНЫҚТАМА
«ҰСТАЗ, ОҚУШЫ, АТА-АНА – ОРТАҚ МАҚСАТ ЖОЛЫНДА» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ

Білім беру үдерісінің нәтижелі болуы – ұстаз, оқушы және ата-ананың өзара ынтымақтастығына тікелей байланысты. Үш тараптың бірлескен жұмысы оқушының сапалы білім алуына, тәрбиелі әрі жауапты тұлға болып қалыптасуына негіз болады. Осы мақсатта мектебімізде оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру, мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту және оқушылардың жетістіктерін арттыру мәселелерін талқылау бойынша мектепішілік жиналыс өткізілді.

Күн тәртібінде:

- Мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- Оқушылардың білім сапасы мен оқу үлгерімін арттыру;
- Оқу-тәрбие үдерісіндегі ата-ананың рөлі;
- Оқушылардың сабаққа қатысуы мен мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауы;
- Оқушылардың жеке қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Біліміндегі олқылықтарды жою және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу;
- Оқушылардың тәрбиесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Ата-аналармен кері байланыс орнату және бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру;
- Әртүрлі мәселелер.

Жиналыс барысында оқушылардың білім сапасын арттыруда мұғалімнің кәсіби шеберлігімен қатар, ата-ананың қолдауы мен оқушының өз жауапкершілігінің маңыздылығы атап өтілді. Білім алушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру және әр баланың жеке қабілетін дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы, мектеп ережелерін сақтауы және сыныптастарымен қарым-қатынасы талқыланды. Ата-аналарға балаларының оқу үлгерімін қадағалау, үй тапсырмаларын орындауына жағдай жасау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және мектеппен тұрақты байланыста болу ұсынылды.

Оқу-тәрбие үдерісінде туындайтын мәселелерді бірлесе шешу, оқушылардың жетістіктерін қолдау, олардың бойында адамгершілік, жауапкершілік, еңбекқорлық пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді. Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы өзара түсіністік пен сенім баланың жан-жақты дамуына оң ықпал ететіні ерекше атап өтілді.

Қорытынды: Жиналыс нәтижесінде мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқушылардың білім сапасы мен тәртібін жақсарту, жеке қабілеттерін дамыту және оқу-тәрбие жұмысын бірлесе ұйымдастыру бағытында ұсыныстар берілді. Ұстаз, оқушы және ата-ана

арасындағы өзара сенім мен ортақ жауапкершілік білім беру үдерісінің нәтижелілігін арттырудың маңызды шарты екені қорытындыланды.

АНЫҚТАМА
«БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ЕРТЕҢІ, ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ

Білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – мектеп пен отбасының ортақ міндеті. Жас ұрпаққа сапалы білім беріп, бойына ұлттық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді сіңіру – білім беру ұйымының басты бағыттарының бірі. Осы мақсатта мектебімізде оқушылардың білім сапасын арттыру, тәрбие жұмысын жетілдіру және жас ұрпақтың жан-жақты дамуына жағдай жасау мәселелерін талқылау бойынша мектепішілік жиналыс өткізілді.

Күн тәртібінде:

- Оқушылардың білім сапасы мен оқу үлгерімінің көрсеткіштері;
- Оқу бағдарламасының орындалу барысы;
- Оқушылардың бойында ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылығын дамыту;
- Оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысуы және мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауы;
- Дарынды оқушыларды анықтау және олардың қабілеттерін дамыту;
- Құқық бұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- Ата-аналармен бірлескен оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;
- Әртүрлі мәселелер.

Жиналыс барысында оқушылардың білім сапасын көтеру, оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыру және әр баланың жеке қабілетін дамыту мәселелері қарастырылды. Мұғалімдерге сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, біліміндегі олқылықтарды дер кезінде анықтау және оқушылармен жеке жұмыстарды жүйелі жүргізу қажеттігі айтылды.

Тәрбие жұмысы бойынша оқушыларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, үлкенді құрметтеуге, кішіге қамқор болуға, адалдық пен жауапкершілікке тәрбиелеудің маңыздылығы атап өтілді. Ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды дәріптеу, оқушылардың бойында елге деген сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

Сонымен қатар оқушылардың мектептегі тәртібін бақылау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және ата-аналармен байланысты нығайту мәселелері талқыланды. Бала тәрбиесінде мектеп пен отбасының бірлескен әрекеті маңызды рөл атқаратыны айтылып, ата-аналарды оқу-тәрбие жұмысына белсенді қатысуға шақыру қажеттігі түсіндірілді.

Қорытынды: Жиналыс нәтижесінде білім сапасын арттыру, тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру, оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы жұмыстарды жалғастыру жөнінде ұсыныстар берілді. Білімді, тәрбиелі, отансүйгіш ұрпақ қалыптастыру – мектеп ұжымы мен ата-аналардың ортақ міндеті екені атап өтілді.



